Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу бойынша өткізілген жиналыс
ХАТТАМАСЫ
№4

Астана қаласы **06.10.2025 ж.**
сағ. 12:00

Күн тәртібі
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8 бабы 4 тармағы 2) тармақшасы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 687 бұйрығының 537 тармағы негізінде (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):Джанисов *(бұдан әрі – Әлеуетті өнім беруші)* шарттың орындалуын қамтамасыз етуі мәселесі қаралды.

Әлеуетті өнім беруші тарапынан баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алудың қорытындысы негізінде жеңімпаз болып табылып, тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы 16.09.2025 ж. №250533/00 шартының 3.1. тармағы негізінде Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 1 071.00 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ 36 236.00 теңгеге тең Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізуге бұл жалпы 37 307.00 ((отыз жеті мың үш жүз жеті тенге нөл тиын))теңгені енгізбеді.

Тапсырыс беруші – «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі *(Бұдан әрі – Комитет)* тарапынан жоғарыда аталған шарт бойынша Әлеуетті өнім берушіге 01.10.2025ж. тиісті хабарлама жіберіліп, осы Заңның 18 бабы 4 тармағы 9) тармақшасы негізінде 06.10.2025ж. біржақты тәртіппен бұзылды.

Сол себепті Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8 бабы 5 тармақшасы негізінде, Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін уәкілетті орган тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырады.

К. Омарова

Д. Мырзақожа